

ОНЛАЙН ПЛАТФОРМАЛАРДЫ ПАЙДАЛАНЫП ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

Ермекова Н.С.¹  Байгожанова Д.С.²  Кабытаев А.Ғ.³ 

¹І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.

²І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.

³І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.

*e-mail: nabira.ermekova@mail.ru

Зерттеудің мақсаты, идеялары және негізгі бағыттары – ұсынылып отырған мақалада, заман талабына сай, ақпараттық сауаттылықты дамыту және қалыптастыру мақсатында білімгерлерге – жүргізілетін практикалық жұмыстар бойынша «онлайн платформаларды» оқыту әдістері беріледі. Зерттеудің негізгі мақсаты – осы әдістердің ішінде «Docs онлайн платформасын» оқытудың әдісін бере отырып, оның басқа платформалармен салыстырғандағы тиімділігін және олардың оқу үрдісіне әсерін анықтау.

Зерттеудің ғылыми-практикалық маңыздылығы – зерттеу қазіргі заманғы білім берудің өзекті мәселелерін шешуде «онлайн платформалардың» арасынан тиімділігі жоғары болып келетін, кез-келген ортада кеңінен қолданысқа ие Google Docs платформасының мұғалімдер мен білімгерлер үшін динамикалық және бірлескен кеңістікті ұсынатындығы. Сонымен қатар, Google Docs әмбебап және пайдаланушыға ыңғайлы табиғатына ерекше назар аударып отырып, онлайн платформалар арқылы қолданылатын оқыту әдістерінің күрделі гобеленін зерттейтіндігі болып табылады.

Зерттеу әдістемесі – зерттеуде аналитикалық әдістер, сондай-ақ әдебиеттерге шолу және білім берудегі онлайн платформаларды пайдалану жағдайына талдау жасалды. Google Docs платформасын зерделеуге жүйелі көзқарас пен мәселеге кешенді көзқарасты қалыптастыруды қамтамасыз етті.

Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен қорытындыларына келер болсақ:

- зерттеу нәтижесінде, онлайн платформаларды білім беруде қолдану жөніндегі материалдардың қолжетімділігіне басты назар аударылды;
- онлайн платформаларды пайдаланып білімгерлерді жеке-дара қашықтан оқыту мүмкіндігінің жүзеге асырылуы;
- онлайн платформаларды оқыту – білімгерлердің өз-ара, бір-бірімен қарым-қатынас жасау мүмкіндіктері ынталандыру тұрғысынан тиімді екендігі анықталды.
- Түрлі, жаңа онлайн платформалар жөнінде теориялық тұрғыда негіздеме беріліп, оны жастарға үйретудің әдіс-тәсілдері бойынша тұжырымдар жасалды;
- сонымен қатар, Google Docs – онлайн платформасын білімгерлерге оқытудың әдістемесі жасалды.

Зерттеу жұмысының құндылығы мен мәні – білімгерлерге, онлайн платформаларды пайдаланып қашықтан оқытуды меңгерудің тиімділігі және оларға заманауи әлемнің сан қилы сынақтарына дайын болу үшін – еліміздің білім беру ұйымдарында онлайн платформаларды пайдалану стратегияларын әзірлеуге негіз болғандығы.

Зерттеудің практикалық маңызы – зерттеу нәтижелерін кез-келген білім беру мекемелерінің мұғалімдері, оқытушылары мен білімгерлері онлайн формат ерекшеліктеріне бейімделген курстарды әзірлеу кезінде пайдалана алатындығы.

Кілт сөздер: онлайн платформалар, теориялық негіздеме, тиімділік, оқыту әдістері, тренинг, жекелендіру, вебинарлар, Google Docs – онлайн платформасы, кері байланыс.

Кіріспе

Қазақстанда бұрыннан да «онлайн ретінде болмаса да, қашықтан оқыту мәселелері өз шешімін тауып, еліміздің ЖОО-да, кәсіби және орта білім беру салаларында қолданылып жатқанына біраз уақыт болғанымен, «Онлайн-оқыту» мәселелері оншалықты қолға алынған жоқ болатын.

«Онлайн-оқыту» терминінің біздің-елімізде жоғары деңгейде қолданылып, оның кез-келген салада қызмет жасауға және әсіресе, білім беру жүйесіне енгізіле бастауына 2020-жылғы Қытай елінен тараған өте жұқпалы ауру «коронавирустың» жаппай әлемге таралуы басты себеп болды. Коронавирустық инфекцияға байланысты бүкіл әлемде білім алу оңай кезеңді бастан өткерген жоқ. Қашықтан жұмыс істеу әдістеріне мәжбүрлі түрде жаппай көшу жаңа білім беру технологияларын игеруге және жаңа білім беру ресурстарын құруға түрткі болды. Білім министрлігі әрбір оқушыға, білімгерлерге, мұғалімдерге, ата - аналарға ақысыз оқытуды қол жетімді ету мақсатында, барлық салалар бойынша қызмет атқарушылар мен білім беру жүйесінің барлық қызметкерлері жаппай қашықтықтан оқыту форматына көшуге мәжбүр болды. Жаңа форматта «онлайн-оқыту» жүйесіне күрт көшуді меңгеру үшін мұғалімдер мен оқытушыларға қолдау көрсету, оларды жаңаша оқыту платформалармен таныстыру және олармен жұмыс жасату үшін қосымша оқыту қажеттілігі туындады.

Қазіргі уақытта оқу үрдісінде интерактивті технологияларды тиімді пайдалану үшін мұғалімдердің цифрлық дағдыларын дамыту қажеттілігі туындайды, өйткені, барлық мұғалімдердің онлайн ресурстарды өз бетінше игеруге және енгізуге мүмкіндіктері жоқ. Оқу үрдісіне цифрлық технологияларды енгізу бойынша онлайн-курстарымен қамтамасыз етіліп әзірленген білім беру платформаларын ұлттық тұрғыда жасау және оны жүзеге асыруда еліміз біраз қиындықтарды, атап айтар болсақ, интернетке дер кезінде қол жеткізе алмауы (әсіресе ауылдық жерді мекендерде), «онлайн-оқыту» курстарының жеткілікті дәрежеде болмауы, білім беру жүйесіне арналған онлайн платформаларының болмауы, болса оны оқытатын мамандардың сауаттылығының жетпей қалуы нәтижесінде «онлайн-оқыту» басынан кешірді. Біз және бізден басқа көптеген мемлекеттер «карантин» болған мерзімде жаппай әсіресе, мектеп оқушыларының білім деңгейлерін едәуір дәрежеде төмендетіп алғанымыз ащы да болса, шындық. Осындай жағдайлардың біздің елімізде белең алуы, біздің мемлекетіміздің «онлайн-оқыту» тұрғысында білім беріп оқытуға дайын болмай шыққандығымыздың белгісі. Яғни, бір қарағанда бәрі жақсы болып көрінгенмен, алайда, Білім және ғылым министрлігі мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің жаз бойғы дайындығына қарамастан, бастапқы 2 апта ішінде сыр берген ресурстар болды. Мысал көп, солардың кейбірін атап өтер болсақ: BilimLand ресурсы. Оқудың алғашқы күні BilimLand онлайн платформалары қолданушылардың көптігінен істен шықты [1].

Zoom арқылы оқу кезінде байланысқа бөгде адам қосылып, порно бейнелерін көрсетуінің бірнеше дерегі тіркелді. Бұдан бөлек, оқушылар мен ата-аналардың аталған платформаларға қосыла алмау мәселесі де өзекті болып отыр. Оған негізгі екі себеп болды: интернет сапасы төмендігі және оқушының платформаны қолдана білмеуі.

Тек, алдыңғы қатардағы дамыған мемлекеттерде бұрыннан «Онлайн-оқыту» жақсы дамығандықтан, оларда бұл жағдайда өте қатты қиындықтар болмаған болар.

Жоғарыда аталған жағдайларды қолға алу қажеттілігінен туындаған мәселелерді шешу, біздің зерттеу жұмысымыздың өзектілігін көрсетеді. Осындай өзекті мәселелерді шешу сол акездегі уақыттың өте аздығына байланысты жылдам қолға алынды. Мемлекетіміз қордаланған, кезек күттірмейтін мәселені шешуге жылдам қадам басып, тез шешу мәселесін аз уақытта жүзеге асыруға тырысты. Осы орайда Informburo.kz қазақстандық бірқатар онлайн платформаны қолдану нұсқаулығын ұсынып отыр. Сонымен, онлайн платформаларын пайдаланып, білім берудің пайда болуы білімді халыққа тарату және алу жолында парадигманың өзгеруіне әкелді. 42 пәннен 5700 сабақ пен 140 мыңнан астам тапсырма әзірленген. Компания мәліметінше, күн сайын 1,5 млн бірегей қолданушы кіріп, сайт 30 млн рет қаралады. 3500 мектеппен платформаны пайдалану

туралы келісімшарт жасалған. 2021-жылының басында 2,6 млн оқушы қашықтан, 800 мың бала дәстүрлі форматта мектепке қатынап оқуға мүмкіндік болды.

Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтың сөзінше, қашықтан оқуда қолданылатын қазақстандық онлайн білім платформаларының саны 8-ге жеткен. Олардан бөлек, шетелдік WhatsApp, Telegram мессенджерлері, Zoom видеоконференциясы, Microsoft Teams, Google Classroom платформалары қосымша қолданыста болды [1].

Материалдар мен әдістер

Цифрлық технологияларды кез-келген салада тиімді пайдалану үшін оқытуды жүзеге асыруда ұйымдастырушылық міндеттерді шешуде, білім беру ұйымдары әртүрлі құралдарды қолданады: атап айтар болсақ: компьютерлік бағдарламалар, компьютерлік тестілеу құралдары, цифрлық анықтамалықтар, энциклопедиялар мен сөздіктер, оқу құралдары мен оқулықтар, электронды кітапханалар, электронды журналдар мен күнделіктер. Басқару қызметкерлері ұйымдастырушылық мәселелерді шешу үшін электронды анықтамалық-құқықтық жүйелер мен мамандандырылған бағдарламалық құралдарды жиі қолданады. Солардың бірі және бірегейі – халқымызды заманауий тұрғыда жаппай компьютерлік сауаттандыру барысында жүзеге асырылып жатқан Цифрлық білім беруде қолданылатын негізгі құралдар – онлайн платформалары болып табылады.

Негізгі бөлім

Дәстүрлі сынып параметрлері виртуалды ландшафттарға жол берді, мұнда мұғалімдер қызықты және интерактивті оқу орталарын жасау үшін цифрлық платформалардың күшін пайдаланады.

Бүгінде, сабақтардың интерактивті контентін құру, оқыту үрдісін геймификациялау үшін түрлі платформаларды қолдану арқылы білім беру үрдісінің заманауи модельдерін іске асыруға мұғалімдердің дайындығын арттыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ мұғалімдер білімді тексеру үшін білім беру қызметтерін пайдалана отырып, викториналар мен тапсырмаларды өз бетінше жасай алады және өздерінің онлайн курсын әзірлеу үшін шығармашылық тәсіл көрсете алады [3].

2020-2021 жылдан қолға алынып, шешімін тапқан білім беру платформалары, бүгінде кез-келген салада, оның ішінде білім беру саласында кеңінен қолданылуда. Бүгінде оқу үрдісіне тиімді түрде қолданылатын, мұғалімдер мен білімгерлердің компьютерлік сауаттылығын дамытуда жоғары деңгейде қолданылып жатқандығын айта кетуге болады. Атап айтсақ, білім берудің келесі түрдегі:

- *iMekter.kz* – жетекші қазақстандық әдіскерлер мен мұғалімдер әзірлеген бастауыш мектеп бағдарламасының толық курсы;
- *Bilimland.kz* - электрондық оқытудың әлемдік көшбасшыларының озық жетістіктеріне негізделген білім беру платформасы;
- *Twig-bilim.kz* – Қазақстан үшін кәсіби түрде оқшауландырылған халықаралық оқыту онлайн-сервисі әлемдік танымалдылыққа ие;
- *Zhastar.org* – ата-аналар, мұғалімдер мен балаларға арналған өмірлік дағдыларды қалыптастыру, әлеуметтік дағдыларды дамыту және оқушылардың психологиялық әлауқаты бойынша Онлайн-платформа;
- *Kitap.kz* – (Қазақстанның ашық кітапханасы) – 20 000-нан астам шығармалар жинағы бар қазақ әдебиетінің ең ірі тегін онлайн кітапханасы;
- *Audiokitap.kz* – қазақ көркем әдебиетінің 1500-ден астам аудиокітаптарына және 400 аудиожазбаға тегін қол жеткізуге арналған iOS және Android үшін мобильді қосымша.
- *Openu.kz* – (Қазақстанның ашық университеті) – еліміздің жетекші жоғары оқу орындары мен оқытушыларының онлайн-курстарына қол жеткізуге мүмкіндік беретін білім беру онлайн платформасы;
- *Academia.kz* – педагогтар мен ата-аналарға арналған білім беру платформасы;

- *Google Forms* – бұл тесттер, сауалнамалар, дауыс беру, викториналар, онлайн тапсырмалар жасау құралы. Тесттер автоматты түрде тексеріледі.
- *Khanacademy.or* – мектепте білім алуға арналған тегін платформа. Сайт жеке білім беру траекториясын құруға мүмкіндік береді.
- *Alison.com* – 1000-нан астам курстар жиынтығы бар тегін кәсіби курстар. Жобаның аудиториясы 14 миллионнан астам пайдаланушыны құрайды.
- *OpenCulture.com* – тегін негізде білімге қол жеткізу жөніндегі жаһандық бастама. Платформада 1300 онлайн курстар, 1150 Фильмдер, 700 аудиокітаптар, 800 электрондық кітаптар, 300 курс тілдері және 150 бизнес курстар жинақталған;
- *AcademicEarth.org* – АҚШ-тың жетекші жоғары оқу орындары курстарының агрегаторы;
- *Google Art Institute* – әлемнің түкпір-түкпірінен өнер туындыларына қол жетімді онлайн платформа;
- *TED ed* – бұл халықаралық конференция, онда спикерлер әртүрлі салалардағы мамандар болып табылады; *Univweb.ru* – мұнда Ресейдің ірі жоғары оқу орындарының бағдарламалары ұсынылған. Ақылы және ақысыз курстар бар.
- *Lektorium.tv* – бұл ресейлік университеттер мен лекторийлердің (Санкт-Петербургтің көпшілігі) бейне дәрістеріне қол жетімді тегін сайт
- Coursera – бұл планетадағы ең ірі білім беру жобаларының бірі. Мұнда сіз кез-келген талғамға арналған онлайн курстар мен бағдарламаларды таба аласыз [4,5].

Бұдан да басқа онлайн платформалары кеңінен қолданылуда. Мұнда біз кез-келген нәрсені үйренуге болатын бірнеше қазақстандық, ресейлік және халықаралық білім беру платформаларын келтіріп отырмыз. Қай платформаны қолдану сізге ыңғайлы, соны өзіңіз таңдайсыз. Олардың ең негізгілерінің бірі «Google Docs онлайн платформасы» болып табылады. Ендігі жерде аталған Google Docs – онлайн платформасы жөнінде қысқаша тоқталып өтелік.

Нақты уақыттағы бірлесіп жұмыс істеу мүмкіндіктері мен үздіксіз интеграциясы бар «Google Docs – онлайн платформасы» осы білім беру метаморфозында таптырмас құрал болды. Google Docs негізінде оқытушылар мен білімгерлердің ұжымдық интеллектісі біріктірілетін орта, яғни цифрлық кеңістік ретінде қарастыруға болады. Бұл цифрлық кеңістік географиялық шекаралардан асып түседі, бұл идеялар үздіксіз ағынды ортаны қалыптастырады. Виртуалды салада педагогтар дәстүрлі оқытудың шектеулерінен асып түсетін симбиотикалық қарым-қатынасты дамыта отырып, нақты уақыттағы кері байланысты қамтамасыз ете алады.

Google Docs динамикалық оқу ресурстарының мәліметтері сақталатын қоры ретінде қызмет етеді. Интерактивті презентациялардан мультимедиаға бай құжаттарға дейін оқытушылар әртүрлі оқу стильдеріне сәйкес келетін мазмұнды таңдай алады. Бұл әмбебаптық студенттерге материалмен олардың жеке қалауларына сәйкес келетін жолдармен араласуға мүмкіндік береді.

Google Docs ұсынатын икемділік синхронды оқытудың шегінен асып түседі. Оқытушылар бұл платформаны асинхронды оқытуды жеңілдету үшін пайдалана алады, бұл студенттерге курс материалдарына өз қарқынымен қол жеткізуге және онымен айналысуға мүмкіндік береді. Бұл бейімделу тәсілі білім берудің жеңіл және инклюзивті тәжірибе болуын қамтамасыз ете отырып, әртүрлі оқу қажеттіліктерін қанағаттандырады.

Google Docs сандық саласында тапсырмалар мен жобалардың бірлескен табиғаты сыни ойлау үшін негіз болады. Студенттер жай ғана ақпаратты қабылдаушылар емес; олар нақты уақыттағы ынтымақтастықта идеяларды талдайтын, синтездейтін және бағалайтын белсенді қатысушылар. Бұл процесс тақырыпты тереңірек түсінуді дамытады және маңызды сыни ойлау дағдыларын қалыптастырады [6,7].

Тиімді оқытудың негізгі қасиеттерінің бірі – дер кезінде кері байланысқа шығу болып табылады. Google Docs нақты уақыттағы түсініктеме беру және өңдеу мүмкіндіктері арқылы бұл процесті жеңілдетеді. Педагогтар оқушыларды оқу үдерісіне бағыттай отырып, конструктивті кері байланысты бірден бере алады. Бұл жеделдік кері байланыс циклін

жақсартады, үздіксіз жетілдіруге және тәрбиешілер мен оқушылар арасындағы тереңірек байланысқа ықпал етеді. Бұл мақала Google Docs және басқа онлайн платформаларға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету, алшақтықты жою және технологияның бөлгіш емес, теңестіруші ретінде қызмет ететінін қамтамасыз ету үшін стратегиялар мен ойларды зерттейді. Ешбір білім беру әдістемесі қиындықтарсыз болмайды. Бұл бөлім Google Docs-ті оқытуда пайдаланудағы мүмкін болатын ықтимал кедергілерді зерттейді және осы кедергілерді еңсеру үшін инновациялық шешімдерді ұсынады.

Google Docs-тің оқыту әдістеріне әсері нақты мысалдар мен жетістік оқиғалары арқылы жақсы көрінеді. Бастауыш мектептерден бастап жоғары оқу орындарына дейін ортақ анекдоттар осы цифрлық құралдың бейімделгіштігі мен тиімділігін атап көрсетеді.

Талдау және нәтижелер

Жоғарыда аталған мәселелерді жүзеге асыру барысында, сөзіміз дәлелді болу үшін «Google Docs – онлайн платформасы»-ның мүмкіндіктерін пайдаланып білімгерлерге оқытылатын бір практикалық сабақтың оқыту әдістемесіне жекелей тоқталып өткенді жөн көрдік. Біз І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің, дене шынықтыру тобында оқитын 3-курс студенттеріне «Тиімді оқытуды ұйымдастыруға арналған онлайн ресурстары» – пәнінде әртүрлі платформалармен жұмыс жасауды үйретеміз, ендігі жерде осы платформалардың ішінен Google Docs – онлайн платформасында «Интернеттің интерактивтілігі және басқа сипаттамалары. Google Docs-та мәтіндік құжаттарды, электрондық кестелерді, презентацияларды бірлесіп құру» – тақырыбын оқыту әдістемесінің өңдемесін ұсынамыз.

№1- практикалық жұмыс

Тақырыбы: Интернеттің интерактивтілігі және басқа сипаттамалары. Google Docs-та мәтіндік құжаттарды, электрондық кестелерді, презентацияларды бірлесіп құру.

Презентациялармен жұмыс

Тапсырма 1. Кем дегенде 10 слайдтан тұратын "Google Docs қызметтері" презентациясын жасаңыз және Google Docs қызметі туралы қысқаша ақпарат, мәтіндік және графикалық ақпарат беріңіз [8].

Нұсқау. Презентация жасау бойынша жұмысты топтың басқа студентімен бірге орындау керек.

1. Google Docs – платформасы ортасында презентация жасау құралына кіріңіз.
2. Презентация құрудың интерфейсімен және негізгі мүмкіндіктерімен танысыңыз.
3. Анықтама жүйесімен танысыңыз.
4. "Google Docs қызметтері" презентациясының тақырыбын қойыңыз <тегі>
5. Топтың басқа студентіне редактор ретінде презентацияда жұмыс істеуге рұқсат беру
6. Презентацияның екі студентке де өңдеуге болатындығына көз жеткізіңіз (әр студент екі презентацияға қол жеткізуі керек: біреуі үшін ол иесі, екіншісі үшін редактор).
7. Бірлескен редакциялау үшін презентациялардың бірін таңдап, онда келесі әрекеттерді орындаңыз [9]:

1 слайд:

- ✓ презентацияның тақырыбын жазыңыз;
 - ✓ презентация авторларын жазыңыз;
 - ✓ презентация слайдтарын безендіру үшін қол жетімді дизайн шаблонын қолданыңыз;
- Мәзір (меню) Формат ⇒ Презентация параметрлері (Настройки презентации) ⇒ Тақырыпты өзгерту (Изменить тему)*
- ✓ жаңа слайд бетін қосыңыз

Мәзір (меню) Слайд ⇒ Жаңа слайд (Новый слайд)

- ✓ әр слайдта әр түрлі фондық дизайн жасаңыз

Мәзір (меню) Формат ⇒ Презентация параметрлері (Настройки презентации) ⇒ Фонды өзгерту (Изменить фон)

2 слайд:

- ✓ слайд тақырыбына мазмұн сөзін жазыңыз
- ✓ тізім түрінде қарастырылып отырған Google қызметтерінің тізімін жасаңыз.

3 слайд және одан кейінгілер:

- ✓ тақырыпта қызмет атауын жазыңыз;
- ✓ қызметтің мақсатын сипаттаңыз;
- ✓ қызмет интерфейсінің суретін салыңыз.

Нұсқау. Жұпта жұмыс істейтін студенттердің қайсысы, қандай қызметтер туралы слайдтар жасайтынын алдын-ала анықтаңыз.

Соңғы слайд:

- ✓ кейбір Google қызметтері туралы қысқаша бейнені салыңыз;
- ✓ презентацияны соңғы слайдтан қосыңыз.

8. Жасалған презентацияны ppt және pdf форматтарында жеке папкада сақтаңыз.

Тапсырма 2. Слайдтарда мәтін, бейнеролик, сурет, кесте болуы керек презентацияны (тақырыпты мұғаліммен келісу) бірлесіп жасаңыз.

Тапсырма 3. Жасалған презентацияны ppt және pdf форматтарында жеке папкада сақтаңыз.

Тапсырма 4. Құжаттар тізімінен презентациялардың бірін жойыңыз.

Тапсырма 5. Жеке папкадан жойылған презентацияны қосу.

Басты бетке шығу (выйти на главную страницу) Google Құжаттары (Документы



Google) ⇒ түймешік (кнопка) Жүктеу (Загрузить)

Тапсырма 6. Демонстрацияға қосылған презентацияны іске қосыңыз.

2. Электрондық кестелермен жұмыс

Тапсырма 7. “Қызметкердің жалақысы” электрондық кестесін жасаңыз (Кесте 1).

Орындау:

1. Кестелік процессорды ашыңыз: *Құру ⇒ Кесте*

2. Мәзір жолағының командаларымен, құралдар тақтасының түймелерімен, формула жолымен танысыңыз

3. 1-парақтың атын “Жалақы” деп өзгертіңіз [10].

төте жолдағы таңдау түймесі (кнопка выбора у ярлычка) Парақ1 (Лист1) ⇒ Атын өзгерту (Переименовать)

5. Келесі үлгі бойынша кесте жасаңыз:

Кесте 1 – Қызметкердің жалақысы

Қызметкердің жалақысы	Ж	П		А	С	Жалпы жиынтық
1	15000	5000		1000	13%	
2	20000	5000		0	13%	
3	18000	4000		500	13%	
Орташа жалақы						

Ж-жалақы, П-премия, А-айыппұл, С-салық

5. Есептеу формуласын қолдана отырып, жиынтығын есептеу үшін бағанды толтырыңыз:

$$\text{Барлығы} = \text{Ж} + \text{П} + \text{А} - 13\%$$

6. Есептеу формуласын қолдана отырып, Орташа жалақыны есептеу үшін бағанды толтырыңыз: Орташа жалақы = (Жиынтық 1 + Жиынтық 2 + Жиынтық 3) / 3

Тапсырма 8. Қызметкерлердің жалақысын көрсететін график құрыңыз (Сурет 1).



Сурет 1 – Жалақы графигі көрінісі


Қызметкерлердің жалақысын көрсететін график құру үшін жоғарыдағы кестеде берілген мағлұматтарды Google Docs қызметтерін пайдаланып диаграмманы басыңыз, сонда 1-суреттегі жалақы диаграммасы шағады.

Тапсырма 9. Алынған графикті бұрын Google Docs қызметінде жасалған мәтіндік құжатқа орналастырыңыз.

Диаграмма бойынша БМ (ЛКМ по диаграмме) ⇒ жоғарғы оң жақ бұрыштағы таңдау түймесі(кнопка выбора в правом верхнем углу) ⇒ Диаграмманы көшіру (Копировать диаграмму) ⇒ мәтіндік құжатты ашыңыз(открыть текстовый документ) ⇒ мәзір(меню) Өңдеу (Правка) ⇒ Веб-алмасу буфері(Веб-буфер обмена) ⇒ тақырып бойынша диаграмманы таңдаңыз(выбрать диаграмму по названию)

"Жақсы" бағасы үшін (қосымша тапсырма):

1. Құжаттарды "соңғы өзгеріс" бойынша сұрыптау (Сурет 2)
2. Диск кеңістігіндегі қалған орынның өлшемін қараңыз (ет)




Сурет 2 – Құжаттарды "Соңғы өзгеріс" бойынша сұрыптау

3. Дайын шаблондарды пайдаланып презентация жасаңыз (кем дегенде 5 слайд)
 "Өте жақсы" деген бағаға (қосымша):

1. Параметрлер мәзірінен "Жүктелген файлдарды Google Docs пішіміне түрлендіру" тармағын таңдаңыз (Сурет 3).

2. Параметрлер мәзірінен "мәтінді PDF файлынан және суреттерден түрлендіру" тармағын таңдаңыз.

3. Құжаттарды құру [11].



Сурет 3 – Жүктелген файлдарды Google Docs пішіміне түрлендіру

Интернеттегі оқыту әдістерінің мозаикасында Google Docs ынтымақтастық, бейімделу және инновация ағындарын біріктіретін тірек ретінде пайда болады. Біз білім берудің дамып келе жатқан ландшафтында шарлау кезінде цифрлық платформалардың трансформациялық әлеуетін қабылдау өте маңызды. Үздіксіз интеграциясы және динамикалық мүмкіндіктері бар Google Docs технология мен білім арасындағы симбиотикалық байланыстың дәлелі болып табылады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, зерттеу жұмысымызда жоғарыда аталған тақырып бойынша жұмыс жасау барысында, біз өзіміздің жинақтаған тәжірибемізді саралай отырып, елімізде сурет өнерін білімгерлерге әрбір қадам бойынша үйрету технологиясына көп көңіл бөлудің қажет екендігіне көз жеткіздік – деген тұжырым жасадық

Ұсынылып отырған «Онлайн платформаларды пайдаланып оқыту әдістері» атты мақаламыз, келешекте, білім беру саласында цифрлық технологияларды енгізуде онлайн платформаларды пайдаланып жұмыс жасайтын мамандарға, болашақ мұғалімдерге, білімгерлерге атап айтсақ, бакалавриаттарға, магистранттарға, докторанттарға және педагогикалық кадрларды дайындау саласында жұмыс істейтін мамандарға құнды материалдар болады деген үміттеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Андерсон, Т. және Дрон, Дж. (2011). Қашықтықтан оқыту педагогикасының үш буыны. Ашық және бөлінген оқытудағы зерттеулердің халықаралық шолуы, 12(3), 80-97б.
2. Ермекова Н.С. Жиёмбаев Ж.Т., Онгарбаева А.Д. «Білім берудегі цифрлық технологиялар»: Оқу-әдістемелік құралы. – Талдықорған: «Жетісу университеті», 2022. – 138 б.
3. Кудлаев, М. С. Цифровизации образования в России / М. С. Кудлаев. – Текст: непосредственный // Молодой ученый. – 2018. – № 31 (217). – С. 3-7.
4. Garrison, D. R., Anderson, T., & Archer, W. (2000). Мәтінге негізделген ортадағы сыни сұрау: жоғары оқу орындарындағы компьютерлік конференциялар. Интернет және жоғары білім, 2(2-3), 87-105.
5. Корнилов Ю.В. Сетевые и мультимедиа технологии как средство оптимизации учебного процесса // Информатика и образование. 2017, № 12. – С. 107-108.
6. Anderson, T., & Dron, J. (2011). Three Generations of Distance Education Pedagogy. The International Review of Research in Open and Distributed Learning, 12(3), 80-97.
7. Вайндорф-Сысоева, М.Е. Методика дистанционного обучения: учебное пособие для вузов / М.Е. Вайндорф-Сысоева, Т.С. Грязнова, В.А. Шитова; под общей редакцией М.Е. Вайндорф-Сысоевой. - М.: Издательство Юрайт, 2019. - 194 с.
8. Bates, A. W., & Sangrà, A. (2011). Managing Technology in Higher Education: Strategies for Transforming Teaching and Learning. San Francisco, CA: Jossey-Bass.
9. Garrison, D. R., Anderson, T., & Archer, W. (2000). Critical Inquiry in a Text-Based Environment: Computer Conferencing in Higher Education. The Internet and Higher Education, 2(2-3), 87-105.
10. Вайндорф-Сысоева, М.Е. Методика дистанционного обучения: учебное пособие для вузов / М.Е. Вайндорф-Сысоева, Т.С. Грязнова, В.А. Шитова; под общей редакцией М.Е. Вайндорф-Сысоевой. - М.: Издательство Юрайт, 2019. - 194 с.

REFERENCES:

1. Anderson, T. және Dron, J. (2011). Қауықтықтан оқыту педагогикасының үш буыны. Ашық және бөлінген оқытудағы зерттеулердің халықаралық шолуы, 12(3), 80-97.
2. Ermekova N.S. Jiembraev J.T., Ongarbaeva A.D. «Bilim berudegi sifirlyq tehnologialar»: Oqu-ädistemelik qūraly. – Talдықorған: «Jetisu universiteti», 2022. – 138 b
3. Kudlaev, M. S. Tsifrovizatsii obrazovaniya v Rossii / M. S. Kudlaev. – Текст: непосредственный // Molodoy uchenyy. – 2018. – № 31 (217). – S. 3-7.
4. Garrison, D. R., Anderson, T., & Archer, W. (2000). Mätunge negizdelgen ortadağy syni sūrau: joğary oqu oryndaryndağy kömpüterlik konferensialar. İnternet jäne joğary bilim, 2(2-3), 87-105.
5. Kornilov Yu.V. Setevye i multimedia tekhnologii kak sredstvo optimizatsii uchebnogo protsesssa // Informatika i obrazovanie. 2017, № 12. – S. 107-108.
6. Anderson, T., & Dron, J. (2011). Three Generations of Distance Education Pedagogy. The International Review of Research in Open and Distributed Learning, 12(3), 80-97.

7. Vayndorf-Sysoeva, M.E. Metodika distantsionnogo obucheniya: uchebnoe posobie dlya vuzov / M.E. Vayndorf-Sysoeva, T.S. Gryaznova, V.A. Shitova; pod obshchey redaktsiey M.E. Vayndorf- Sysoevoy. - M.: Izdatelstvo Yurayt, 2019. - 194 s.

8. Bates, A. W., & Sangrà, A. (2011). Managing Technology in Higher Education: Strategies for Transforming Teaching and Learning. San Francisco, CA: Jossey-Bass.

9. Garrison, D. R., Anderson, T., & Archer, W. (2000). Critical Inquiry in a Text-Based Environment: Computer Conferencing in Higher Education. The Internet and Higher Education, 2(2-3), 87-105.

10. Vayndorf-Sysoeva, M.E. Metodika distantsionnogo obucheniya: uchebnoe posobie dlya vuzov / M.E. Vayndorf-Sysoeva, T.S. Gryaznova, V.A. Shitova; pod obshchey redaktsiey M.E. Vayndorf- Sysoevoy. - M.: Izdatelstvo Yurayt, 2019. - 194 s.

МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ОНЛАЙН-ПЛАТФОРМ

Ермекова Н.С., Байгожанова Д.С., Кабытаев А.Ф.

¹Жетысуский университет имени И. Жансугурова, РеспубликаКазахстан, г. Талдыкорган

²Жетысуский университет имени И. Жансугурова, РеспубликаКазахстан, г. Талдыкорган

³Жетысуский университет имени И. Жансугурова, РеспубликаКазахстан, г. Талдыкорган

*e-mail: nabira.ermekova@mail.ru

Цель, идеи и основные направления исследования - в предлагаемой статье в целях развития и формирования информационной грамотности в соответствии с современными требованиями студентам даются методы обучения «онлайн-платформам» по результатам практической работы. Основная цель исследования – определить эффективность «Онлайн-платформы Документы» среди этих методов по сравнению с другими платформами и их влияние на образовательный процесс.

Научная и практическая значимость исследования заключается в том, что платформа Google Docs, которая широко используется в любой среде и является наиболее эффективной «онлайн-платформой» в решении актуальных проблем современного образования, предлагает динамичное пространство для совместной работы преподавателей и учащихся. Кроме того, Google Docs исследует сложную совокупность методов обучения, используемых на онлайн-платформах, подчеркивая его универсальный и удобный для пользователя характер.

Методика исследования – в исследовании использовались аналитические методы, а также обзор литературы и анализ использования онлайн-платформ в образовании. Это обеспечило системный подход к изучению платформы Google Docs и формирование комплексного подхода к проблеме.

Относительно основных результатов и выводов исследовательской работы:

- *в результате исследования основное внимание было уделено доступности материалов по использованию онлайн-платформ в образовании;*
- *реализация возможности индивидуального дистанционного обучения студентов с использованием онлайн-платформ;*
- *обучающие онлайн-платформы – возможности общения учащихся друг с другом оказались эффективными с точки зрения мотивации.*
- *Теоретически обоснованы различные новые онлайн-платформы и сделаны выводы о методах обучения на них молодежи;*
- *Кроме того, создана методика преподавания Google Docs – онлайн-платформа для преподавателей.*

Ценность и значимость научно-исследовательской работы заключается в том, что она является основой для разработки стратегии использования онлайн-платформ в образовательных организациях страны с целью изучения педагогами эффективности

дистанционного обучения с использованием онлайн-платформ и подготовки их для решения различных задач современного мира.

Практическая значимость исследования заключается в том, что результаты исследования могут быть использованы преподавателями, преподавателями и студентами любых образовательных учреждений при разработке курсов, адаптированных к особенностям онлайн-формата.

Ключевые слова: онлайн-платформы, теоретическая основа, эффективность, методы обучения, обучение, персонализация, вебинары, Google Docs – онлайн-платформа, обратная связь.

LEARNING METHODS USING ONLINE PLATFORMS

Yermekova N., Baigozhanova D., Kabytaev A.

¹Zhetysu University named after I. Zhansugurov, Republic of Kazakhstan Taldykorgan

²Zhetysu University named after I. Zhansugurov, Republic of Kazakhstan Taldykorgan

³Zhetysu University named after I. Zhansugurov, Republic of Kazakhstan Taldykorgan

*e-mail: nabira.ermekova@mail.ru

The purpose, ideas and main directions of the research - in the proposed article, in order to develop and form information literacy in accordance with modern requirements, the methods of teaching "online platforms" are given to the students according to the practical work. The main goal of the study is to determine the effectiveness of the "Docs online platform" among these methods in comparison with other platforms and their impact on the educational process.

The scientific and practical significance of the study is that the Google Docs platform, which is widely used in any environment and is the most effective "online platform" in solving the current problems of modern education, offers a dynamic and collaborative space for teachers and students. In addition, Google Docs explores the complex tapestry of learning methods used through online platforms, emphasizing its universal and user-friendly nature.

Research methodology - the research used analytical methods, as well as a literature review and an analysis of the use of online platforms in education. It provided a systematic approach to the study of the Google Docs platform and the formation of a comprehensive approach to the problem.

Regarding the main results and conclusions of the research work:

- *as a result of the study, the main attention was paid to the availability of materials on the use of online platforms in education;*

- *implementation of the possibility of individual remote training of students using online platforms;*

- *teaching online platforms - opportunities for students to communicate with each other were found to be effective in terms of motivation.*

- *Various, new online platforms were theoretically justified and conclusions were drawn on the methods of teaching them to young people;*

- *in addition, the methodology of teaching Google Docs - an online platform to educators was created.*

The value and significance of the research work is the fact that it is the basis for the development of strategies for the use of online platforms in the educational organizations of the country in order for educators to learn the effectiveness of distance learning using online platforms and prepare them for the various challenges of the modern world.

The practical significance of the research is that the results of the research can be used by teachers, lecturers and students of any educational institutions when developing courses adapted to the features of the online format.

Keywords: *online platforms, theoretical basis, effectiveness, teaching methods, training, personalization, webinars, Google Docs - online platform, feedback.*